

Байзақ ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Байзақ аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 146 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 сәуірде № 2611 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Байзақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Байзақ ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі аталған қаулы баспасөз беттерінде және жергілікті атқарушы органның интернет – ресурстарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Сағындық Жұмағұлұлы Кенжебаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің
міндетін атқарушы*

Ә. Қылыбаев

Байзақ ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 12 наурыздағы
№ 146 қаулысына қосымша

Байзақ ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, (орын) оның	Бір айға шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (	
--	---	---	--

№	Мектепке дейінгі мекемелер	і ш і н д е қаржыландыратыны		теңге) оның ішінде қаржыландыратыны			Бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері
		Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (тенге)	Жергілікті бюджет есебінен (тенге)	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (тенге)	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын балабақшаларға жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін қаржы	Жергілікті бюджет есебінен (тенге)	
	Шағын орталықтар			13200	2000	13015	4000
	Балабақшалар :						5000
1	30 балаға дейін	95	30	19206	6000	16000	5000
2	31-ден 50 балаға дейін	145	150	19206	9000	23000	5000
3	51-ден 75 балаға дейін	145	250	19206	7000	24000	5000
4	76-дан 100 балаға дейін	180	200	19206	6000	25000	5000
5	101-ден 150 балаға дейін	425	220	19206	11000	40000	5000
6	151-ден 200 балаға дейін	360	0	19206	4000	37000	5000
7	201-ден 250 балаға дейін	0	210	19206	4000	37000	5000
8	250-ден жоғары	280	0	19206	4000	37000	5000
9	жекеменшік балабақша	75	0	19206			
	Барлығы	1705	1060				